«Ерпжеп» бөбекжай-балабақшасы

Кіші «Балапан» тобы

2024-2025 оқу жылы

Кіші тобының ата-аналармен жұмыс жасаудың жылдық жоспары

Мақсаты: Балалардың кіші жастағы даму ерекшеліктеріне сәйкес ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату, баланың физикалық, танымдық және эмоционалдық дамуына бағытталған бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру.

Жоспарды іске асырудағы негізгі міндеттер:

- *Ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.*
- *Әр айдағы тақырыпқа сәйкес ақпараттық материалдарды тарату.*
- *Жеке кеңес беру арқылы ата-аналардың қажеттіліктерін ескеру.*
- *Балалардың жас ерекшелігіне сай жұмыс түрлерін қолдану.*

№	Іс-шаралар тақырыбы	Жауаптылар
№1	**Қыркүйек айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Жаңадан келген ата-аналармен келісім-шартқа отыру, кеңес беру. 2. Топтық ата-аналар жиналысы №1: «Балаңыздың балабақшаға бейімделуі: ата-ананың рөлі». Топ тәрбиешілерімен таныстыру және күн тәртібі туралы ақпарат беру. 3. Ашық есік күні: ата-аналарды топтың оқу және ойын материалдарымен таныстыру. 4. Жеке кеңес: баланың бейімделу кезеңіндегі мінез-құлқы туралы ата-аналармен әңгіме.	Топ тәрбиешілері Психолог
№2	**Қазан айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Кеңес беру: «Баланың алғашқы танымдық дағдыларын қалай дамытуға болады?» 2. Күзгі көрме: «Күз сыйы». 3. «Осы оқу жылы бөбекжайдан не күтесіздер?» сауалнамасы. 4. Ата-аналармен шеберлік сағаты: қарапайым дидактикалық ойындар дайындау.	Топ тәрбиешілері
№3	**Қараша айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Кеңес: «Балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету: үйдегі және көшедегі қауіпсіздік».	Топ тәрбиешілері

Scanned with CamScanner

	2. Тәжірибелік сабақ: балаларға арналған қауіпсіздік ойындарын ата-аналармен бірге көрсету. 3. Меморандум тарату: «Балалардың қауіпсіздігіне қатысты ата-аналарға ескерту».	
№4	**Желтоқсан айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Топтық ата-аналар жиналысы №2: «Балалардың шығармашылық дағдыларын дамытудың маңызы». 2. Ата-аналармен бірге қолөнер жасау: «Қысқы ертегі» тақырыбында мерекелік әшекейлер дайындау. 3. Мерекелік шара: жаңа жылдық қойылымдарға ата-аналарды қатыстыру. 4. Фотокөрме: балалардың шығармашылық жұмыстарын ата-аналарға көрсету.	Топ тәрбиешілері Психолог Әдіскер Ата-аналар
№5	**Қаңтар айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Семинар-практикум: «Балаңызбен сөйлесіңіз: тілдік дағдыларды дамыту жолдары». 2. Ойын-жаттығулар: саусақ жаттығулары мен дидактикалық ойындарды ата-аналармен бірге өткізу. 3. Кеңес беру: баланың сөздік қорын кеңейту бойынша жеке кеңестер.	Топ тәрбиешілері
№6	**Ақпан айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Дөңгелек үстел: «Кішкентайларға арналған салауатты өмір салты». 2. Ата-аналармен спорттық шара: балалар мен ата-аналар арасында қысқы эстафета. 3. Буклет тарату: «Баланың физикалық дамуы: күн тәртібі, тамақтану, серуен».	Әдіскер Топ тәрбиешілері
№7	**Наурыз айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Жиналыс: «Ұлттық салт-дәстүрлерді баланың тәрбиесінде қолдану». 2. Наурыз мерекесі: ата-аналардың қатысуымен ұлттық ойындар мен қойылымдар. 3. Шеберлік сағаты: ұлттық қолөнер жасауға ата-аналарды тарту.	Топ тәрбиешілері Әдіскер
№8	**Сәуір айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Кеңес: «Табиғатпен достасу: экологиялық тәрбиенің маңызы». 2. Сенбілік: балабақша ауласын көгалдандыруға ата-аналардың қатысуы. 3. Тәжірибелік сабақ: балалармен табиғатты қорғауға арналған ойындар.	Топ тәрбиешілері
№9	**Мамыр айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Қорытынды топтық ата-аналар жиналысы №3: «Жыл жетістіктері: бір жылдағы даму нәтижелері». 2. Ойын жаттығуы: «Бір жетістік, бір қадам».	Топ тәрбиешілері Психолог

Scanned with CamScanner

	3. Мерекелік шара: балалардың жыл бойындағы жетістіктерін көрсету. 4. Ата-аналарға алғыс хаттар мен сыйлықтар тапсыру.	

Scanned with CamScanner

«Балаңыздың балабақшаға бейімделуі: ата-ананың рөлі»
№1 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Тақырыбы:

- *«Балаңыздың балабақшаға бейімделуі: ата-ананың рөлі».*
- *Ашық есік күні: ата-аналарды топтың оқу және ойын материалдарымен таныстыру.*
- *Жеке кеңес: баланың бейімделу кезеңіндегі мінез-құлқы туралы ата-аналармен әңгіме.*

Күні: 2024 жылғы 6 қыркүйек

Уақыты: 17:00

Өткізілген орны: балабақшаның кіші «Балапан» тобының топ бөлмесі

Қатысушылар: топ тәрбиешілері, ата-аналар (20 адам), балабақша әкімшілігінің өкілі

Күн тәртібі:

- Баланың балабақшаға бейімделу ерекшеліктері туралы баяндама.
- Ата-аналарды топ тәрбиешілерімен және күн тәртібімен таныстыру.
- Ашық есік күні: оқу және ойын материалдарымен таныстыру.
- Жеке кеңес: баланың мінез-құлқы туралы ата-аналармен әңгіме.
- Ата-аналардың пікірлері мен ұсыныстары.
- Қорытынды сөз.

Хаттама мазмұны:

1. Жиналыстың ашылуы:

Тәрбиешінің сөзі:

- Ата-аналарды қарсы алу, жиналыстың күн тәртібімен таныстыру.
- Бейімделу кезеңіндегі ата-ананың рөліне ерекше назар аудару.
- Жиналыстың мақсаты: ата-аналардың баланың бейімделуіне дұрыс қолдау көрсетуіне бағыт-бағдар беру.

2. Баяндама: «Балаңыздың балабақшаға бейімделуі: ата-ананың рөлі»

- Балабақшаға бейімделу мерзімі мен ерекшеліктерінің әр баланың жеке дамуына байланысты өтетіні түсіндірілді.

Ата-аналарға ұсынылған кеңестер:

- Тұрақты күн тәртібін сақтау.
- Баланың эмоцияларына назар аудару және қолдау көрсету.
- Балабақша туралы жағымды көзқарас қалыптастыру.
- Бейімделу кезеңінде ата-ана мен тәрбиеші арасындағы тұрақты байланыстың маңызы талқыланды.

3. Ашық есік күні: оқу және ойын материалдарымен таныстыру

Тәрбиешілердің түсіндірмесі:

Scanned with CamScanner

- Балалардың дамуына бағытталған оқу және ойын материалдарының маңыздылығы түсіндірілді.
- Танымдық, шығармашылық және қимыл-қозғалысқа арналған құралдардың ерекшеліктері көрсетілді.
- Ата-аналар топтың күн тәртібіндегі оқу-ойын іс-әрекетін бақылауға мүмкіндік алды.

Ата-аналардың белсенді қатысуы:

- Оқу тапсырмаларында қолданылатын материалдармен өз қолдарымен жұмыс істеу тәжірибесі ұсынылды.
- Құрылыс ойыншықтары мен дидактикалық ойындармен танысу және оларды қолдану.

4. Жеке кеңес: баланың мінез-құлқы туралы ата-аналармен әңгіме

Кеңес беру:

- Баланың балабақшадағы мінез-құлқы мен эмоциялық жағдайы туралы ата-аналармен жеке сөйлесу өткізілді.
- Бейімделу кезеңіндегі типтік реакциялар (жылау, ұялшақтық, тітіркену) және оларды жеңу жолдары талқыланды.

Тәрбиешілердің ұсыныстары:

- Баланың жаңа ортаға үйренуіне көмектесетін әдістер: жылы қоштасу, тұрақты күн тәртібі.
- Балаға деген талаптарды нақты, бірақ мейірімділікпен қою.
- Баланың кішкентай жетістігін де мадақтап, өзіне деген сенімін арттыру.

5. Ата-аналардың пікірлері мен ұсыныстары:

- Ата-аналар балаларының бейімделу процесі туралы өз бақылауларымен бөлісті.

Ұсыныстар:

- Балабақшаның күнделікті іс-шаралары туралы қосымша ақпарат алу.
- Ашық сабақтарды ұйымдастыру жиілігін арттыру.

6. Қорытынды:

Тәрбиешінің қорытынды сөзі:

- Баланың балабақшаға бейімделуі — ата-ана мен тәрбиешінің бірлескен жұмысының нәтижесі.
- Әр баланың дамуына қолдау көрсету үшін ата-аналар мен тәрбиешілердің ынтымақтастығы маңызды.
- Ата-аналарға алғыс білдіріліп, баланың жаңа кезеңге сәтті бейімделуі үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырылды.

Scanned with CamScanner

Хаттама әзірлеуші: Мусахмедқызы Гүлмира

Хаттамаға қол қойғандар:

Сексенова М.Е (терапа) _____

Сайлаубайева Г.Р (тәрбиеші) _____

Ата-аналар өкілі _____ Куандыкова Әседа



Scanned with CamScanner

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

Тақырыбы:

- *«Балалардың шығармашылық дағдыларын дамытудың маңызы».*
- *«Қысқы ертегі» тақырыбында балалармен бірге мерекелік әшекейлер дайындау.*

Күні: 2024 жылғы 20 желтоқсан

Уақыты: 16:30

Өткізілген орны: балабақшаның кіші «Балапан» тобының топ бөлмесі

Қатысушылар: топ тәрбиешілері, ата-аналар мен балалар (21 адам), балабақша әкімшілігі

Күн тәртібі:

- Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту туралы баяндама.
- Ата-аналармен бірге қолөнер жасау: «Қысқы ертегі».
- Ата-аналардың пікірлері мен ұсыныстарын талқылау.
- Қорытынды және марапаттау.

Хаттама мазмұны:

1. Жиналыстың ашылуы:

Тәрбиешінің сөзі:

- Қатысушыларды жылы қарсы алып, жиналыстың мақсатын түсіндірді.

  «Құрметті ата-аналар, бүгінгі жиналысымыз балаларымыздың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және сіздердің осы үдерістегі рөлдеріңізге арналады. Бірге қызықты қолөнер жасап, уақытты пайдалы әрі көңілді өткіземіз.»

2. Баяндама: «Балалардың шығармашылық дағдыларын дамытудың маңызы»

- Шығармашылықтың бала дамуына әсері туралы ақпарат берілді:
  - Қиял мен ойлау қабілетін дамыту.
  - Эмоциялық және эстетикалық тәрбиенің маңыздылығы.
  - Шығармашылықтың өзін-өзі тану мен сенімділікті арттырудағы рөлі.
- Балабақшадағы шығармашылық сабақтардың үлгісі көрсетілді.
- Балалардың шығармашылық жұмыстарынан фотосуреттер мен мысалдар ұсынылды.

3. Ата-аналармен бірге қолөнер жасау: «Қысқы ертегі»

Құрал-жабдықтар таныстырылды:

- Түрлі-түсті қағаз, мақта, жылтырлар, жұлдызшалар, желім, қайшы және басқа материалдар.

Қолөнер жұмыстары:

- «Қарлы қала» аппликациясы.
- «Қар адам» жасау.

Scanned with CamScanner

- «Шыршаға арналған әшекейлер» гирляндасы.

Жұмыс барысы:

- Ата-аналар мен балалар бірге шығармашылық жұмыстарды орындады.
- Тәрбиешілер материалдарды дұрыс пайдалану жолдарын көрсетіп, көмек көрсетті.
- Балалардың белсенділігі мен шығармашылық идеялары мадақталды.

4. Ата-аналардың пікірлері мен ұсыныстары:

Пікірлер:

- Ата-аналар балаларының шығармашылыққа деген қызығушылығын атап өтті.
- Бірлескен қолөнер жұмыстары отбасылық қарым-қатынасты нығайтуға көмектесетінін айтылды.

Ұсыныстар:

- Шығармашылық сабақтарды жиірек өткізу.
- Балалар үшін қосымша шығармашылық үйірмелер ұйымдастыру.

5. Қорытынды:

Тәрбиешінің қорытынды сөзі:

«Бүгінгі шарада балаларымыздың қаншалықты талантты әрі креативті екенін көрдік. Шығармашылық — балалардың ой-өрісін кеңейтіп, дамуына үлкен үлес қосады. Сіздердің қолдауларыңыз — біздің ортақ жетістігіміздің кепілі.»

Марапаттау:

- Барлық балалар мен ата-аналарға қатысқандары үшін алғыс хаттар мен шағын сыйлықтар табысталды.

Естелік сурет:

- Барлық қатысушылар «Қысқы ертегі» композициясының жанында топтық фотосуретке түсті.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар мен ата-аналар бірге шығармашылық әрекетке қатысып, өзара қарым-қатынастарын нығайтты.
- Ата-аналар шығармашылық жұмыстың бала дамуына тигізетін әсерін түсінді.
- Балалар өз еңбектері мен жетістіктерін мақтан етті.

Хаттама әзірлеуші: Мусахмедқызы Гүлмира

Хаттамаға қол қойғандар:

Сексенова М.Е (тәраға) _____

Сайлаубайева Г.Р (тәрбиеші) _____

Ата-аналар өкілі _____ Қуандықова Әсель

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

Тақырыбы:

- *«Жыл жетістіктері: бір жылдағы даму нәтижелері».*
- *Ойын жаттығуы: «Бір жетістік, бір қадам».*
- *Мерекелік шара: балалардың жыл бойындағы жетістіктерін көрсету.*
- *Ата-аналарға алғыс хаттар мен сыйлықтар тапсыру.*

Күні: 2025 жылғы 23 мамыр

Уақыты: 17:00

Өткізілген орны: балабақшаның кіші «Балапан» тобының топ бөлмесі

Қатысушылар: топ тәрбиешілері, ата-аналар мен балалар (22 адам)

Күн тәртібі:

- Балалардың жыл бойындағы даму нәтижелері туралы баяндама.
- Ойын жаттығуы: «Бір жетістік, бір қадам».
- Балалардың жетістіктерін көрсету (қойылымдар, шығармашылық жұмыстар).
- Ата-аналарға алғыс білдіру.
- Қорытынды және мерекелік ойындар.

Хаттама мазмұны:

1. Жиналыстың ашылуы:

Тәрбиешінің сөзі:

- Ата-аналар мен балаларды жиналысқа шақырып, қатысқандары үшін алғыс білдірді.

  «Құрметті ата-аналар, бүгін біз өткен оқу жылын қорытындылап, балаларымыздың жетістіктерін атап өтеміз. Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында үлкен жетістіктерге қол жеткіздік.»

2. Балалардың жыл бойындағы даму нәтижелері туралы баяндама:

- Балалардың физикалық, танымдық, тілдік, шығармашылық және әлеуметтік дамуындағы жетістіктері баяндалды.
- Балабақшада өткізілген іс-шаралардың қысқаша шолуы жасалды: мерекелік шаралар, спорттық жарыстар, шығармашылық көрмелер.
- Ата-аналарға балалардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі ұсынылды.

3. Ойын жаттығуы: «Бір жетістік, бір қадам»:

Тәрбиешінің түсіндірмесі:

- Әр қатысушы (ата-ана немесе бала) өз жетістігін айтып, ортақ «жетістік жолына» бір қадам жасады.
- Балалар өздерінің қандай жаңа дағдыларды үйренгенін және қандай жетістіктерге жеткенін бөлісті.
- Ата-аналар өз балаларын мақтанышпен атап өтіп, тәрбиешілердің еңбегін жоғары бағалады.

Scanned with CamScanner

4. Балалардың жетістіктерін көрсету:

- Балалар ән айтты, тақпақтар оқыды және шағын сахналық қойылым көрсетті.
- Балалар жасаған шығармашылық жұмыстар (суреттер, қолөнер бұйымдары) көрмеге қойылды.

5. Ата-аналарға алғыс білдіру:

- Ата-аналарға тәрбиешілер атынан алғыс хаттар мен шағын сыйлықтар (естелік сыйлықтар, гүлдер) табысталды.

Тәрбиешінің сөзі:

«Сіздердің қолдауларыңыз бен сүйіспеншіліктеріңіз балаларымыздың табыстарының кепілі. Ортақ мақсатымызға бірге жеткенімізге қуанышымыз!»

6. Қорытынды және мерекелік ойындар:

- Балалар мен ата-аналар қатысқан көңілді ойындар ұйымдастырылды (мысалы: «Кім жылдам?», «Шар жару»).
- Барлық қатысушылар естелік суретке түсті.

Қорытынды:

- Жиналыс барысында балалардың даму нәтижелері көрсетіліп, ата-аналар мен балалардың бірлескен жұмысының маңыздылығы атап өтілді.
- Жиналыс жылы әрі достық атмосферада өтті, барлық қатысушылар жоғары көңіл-күйде тарады.

Хаттама әзірлеуші: Мусахмедқызы Гүлмира

Хаттамаға қол қойғандар:

Сексенова М.Е (тәраға) _____

Сайлаубайсва Г.Р (тәрбиеші) _____

Ата-аналар өкілі _____ Қуандықова Әсель

Ұраны: «Жыл жетістіктері — біздің ортақ қуанышымыз!»